	«Қ.Құлажанов атындағы қазақ технология және бизнес университеті» АҚ
	САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ
	Іс-қимыл тәртібі туралы ереже

БЕКІТЕМІН
«Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ ректоры
_____ Байболова Л.К.
«__08__» _____ 20_26_ ж.

ПӘННІҢ ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫН (SYLLABUS) ӘЗІРЛЕУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ
ҚазТБУ-БББББ-ІҚТТЕ-8.3/8.1-2026-16

КЕЛІСІЛДІ
«Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ
АСЖ Проректор
_____ Аскарбеков Э.Б.
«__26__» _____ 20_26_ ж.

Астана, 2026

Нұсқа: 2,0	**БД: ББББ**	**«ЭҚА» бойынша**	**Тіркеу № 01-4-1**

АЛҒЫ СӨЗ

Осы Ережелер «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ Білім беру бағдарламалары басқармасы әзірледі.

Осы Ережелер Ректордың титул парағындағы жеке қолымен бекітіледі..

Осы Ережелер оқу процесін қамтамасыз ететін барлық құрылымдық бөлімшелер үшін міндетті болып табылады.

Осы Ережелер «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ құжаттамасының құрамына кіреді.

Осы Ережелерді мерзімді тексеруді ББББ басшысы 3 жылдан аспайтын аралықпен жүзеге асырады.

Осы Ережелерге өзгерістер оны «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ қызметінде қолдану нәтижелері бойынша әзірленеді.

Осы Ережелерді басқару процесінің нақты кезеңдерін орындау жөніндегі қызметті ұйымдастыруға және үйлестіру жауапкершілігі ББББ басшысына жүктеледі.

2025 жылғы 18 маусымда бекітілген, 01 нұсқадағы «Пәннің жұмыс оқу бағдарламасын (Syllabus) әзірлеу туралы ережелері» ҚазТБУ-ББББ-ІҚТЕ-8.3/8.1-2025-13 өз күшін жойды деп есептелсін.

МАЗМҰНЫ

1 Қолданылған қысқартулар мен белгілер 4
2 Жалпы ережелер және рәсімнің сипаттамасы 4
3 Процестің сипаттамасы, пәннің жұмыс оқу бағдарламасын (Syllabus) әзірлеу, бекіту және өзектендіру тәртібі 4
4 Пәннің жұмыс оқу бағдарламасының (Syllabus) құрылымы мен мазмұны 6
5 Жауапкершілік және өкілеттік 12
6 Процеске байланысты тәуекелдер және тәуекелдердің алдын алу бойынша іс-қимылдар 12
7 Құпиялылық 13
Қосымша «Пәннің жұмыс оқу бағдарламасын (Syllabus)» нысаны Н. ББББ 8.3/8.1-2026-16-01 (міндетті) 14
Келісу парағы Н. СДД-7.5-2026-01-02 (міндетті) 23
Танысу парағы Н. СДД-7.5-2026-01-03 (міндетті) 23
Тіркеу өзгерістерінің парағы Н. СДД-7.5-2026-01-04 (міндетті) 24
Мерзімдік тексерулерді есепке алу парағы Н. СДД-7.5-2026-01-05 (міндетті) 24

1. ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР

Қысқарту	Толық атауы
«Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ, Университет	АҚ «Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті»
ҚазТБУ-БББББ-ІҚТТЕ-8.3/8.1-2026-16	Пәннің жұмыс оқу бағдарламасын (Syllabus) әзірлеу туралы ережелері
ІҚТТЕ	Іс-қимыл тәртібі туралы ереже
ЖК	Жоғары оқу орны компоненті
ҚР МЖМБС	Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ЖББЕК	Жоғары білім берудің еуропалық кеңістігі
ЭПТ	Элективті пәндер тізбесі
ТК	Таңдау компоненті
МК	Міндетті компонент
ББББ	Білім беру бағдарламасы
ЖОЖ	Жұмыс оқу жоспары
СМЖ	Сапа менеджменті жүйесі
БӨЖ	Білім алушының өзіндік жұмысы
БОӨЖ	Білім алушының оқытушының жетекшілігімен өзіндік жұмысы
ПОӘҚ	Пәннің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі
ББББ	Білім беру бағдарламаларын басқару

2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР ЖӘНЕ РӘСІМНІҢ СИПАТТАМАСЫ

2.1 Осы Ережелер «К.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ-да (бұдан әрі – Университет) пәннің жұмыс оқу бағдарламасын (Syllabus) мазмұндауға, рәсімдеуге, әзірлеуге, қарастыруға, келісуге, бекітуге және өзектендіруге қойылатын бірыңғай талаптарды белгілейді.

2.2 Осы Ережелердің мақсаты – пәндердің жұмыс оқу бағдарламаларын (Syllabus) әзірлеуге, рәсімдеуге, келісуге, бекітуге және өзектендіруге, сондай-ақ оларды білім беру процесінде қолдануға бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету.

2.3 Пәннің жұмыс оқу бағдарламасын (Syllabus) әзірлеу процедурасы әзірлеуді, қарастыруды, келісуді, бекітуді, Университеттің ақпараттық-білім беру ортасында орналастыруды және өзектендіруді қамтиды. Көрсетілген кезеңдерді орындау тәртібі осы Ережелердің тиісті бөлімдерімен белгіленеді.

2.4 Осы Ережелер ішкі нормативтік құжаттардың құрамына кіреді және пәндердің жұмыс оқу бағдарламаларын (Syllabus) әзірлеуге, келісуге, бекітуге, орналастыруға және пайдалануға қатысатын Университеттің барлық құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті болып табылады.

2.5 Пәннің жұмыс оқу бағдарламасын (Syllabus) өзектендіру осы Ережелерге және Университеттің СМЖ құжаттарына сәйкес қажеттілігіне қарай жүзеге асырылады.

3. ПӘННІҢ ЖҰМЫС ОҚУ АҒДАРЛАМАСЫН (SYLLABUS) ӘЗІРЛЕУ, БЕКІТУ ЖӘНЕ ӨЗЕКТЕНДІРУ ТӘРТІБІ

3.1 Пәннің жұмыс оқу бағдарламасы (Syllabus) пәннің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуінің (бұдан әрі – ПОӘҚ) міндетті элементі болып табылады.

3.2 Пәннің жұмыс оқу бағдарламасын (Syllabus) тиісті пән бойынша сабақ беретін оқытушы әзірлейді.

3.3 Пәннің жұмыс оқу бағдарламасын (Syllabus) құрастыру кезінде оқытудағы үздіксіздік пен сабақтастықты жүзеге асыру мақсатында пәндерді оқытудың құрылымдық-логикалық жүйелілігін сақтау қажет.

3.4 Жокелеген тақырыптарды оқытуда қайталануды болдырмау мақсатында пәннің жұмыс оқу бағдарламасының (Syllabus) мазмұны Білім беру бағдарламасының (ББ) басқа пәндерін оқыту мазмұнымен өзара байланысты болуы тиіс.

3.5 Міндетті компонент (МК) пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Syllabus) ҚР МЖББС және үлгілік оқу бағдарламалары (олар бар болған жағдайда) негізінде білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен құжаттарға сәйкес әзірленеді.

3.6 Таңдау компоненті (ТК) мен жоғары оқу орны компонентінің (ЖК) пәннің жұмыс оқу бағдарламасы (Syllabus) тиісті даярлау бағытының ҚР МЖББС, білім беру бағдарламасы және элективті пәндер каталогы негізінде әзірленеді.

3.7 Әзірлеу, келісу, бекіту және өзектендіру тәртібі:

3.7.1 Ректордың пәндерді кафедраларға бекіту туралы бұйрығы негізінде кафедра меңгерушілері жаңа оқу жылына оқытушылар арасында жүктемені бөле отырып, нақты мерзімдерін көрсете арқылы оқытушыға пән силлабусын әзірлеуге тапсырма береді.

3.7.2 Пәннің жұмыс оқу бағдарламасын (Syllabus) әзірлеуге байланысты барлық мәселелер кафедра отырысының хаттамасында тіркеледі. Пәннің жұмыс оқу бағдарламасын (Syllabus) дайындау оқытушының жеке жұмыс жоспарына енгізіледі.

3.7.3 Оқытушы әзірлеген пәннің жұмыс оқу бағдарламасы (Syllabus) кафедра отырысында қаралады, кафедра меңгерушісі қол қояды, білім беру бағдарламасын дайындаушы кафедра меңгерушісімен келісіледі және факультет деканымен бекітіледі.

3.7.4 Пәннің жұмыс оқу бағдарламасын (Syllabus) апробациялау тиісті пәнді меңгеретін білім алушылардың бірінші ағынында жүргізіледі. Апробацияның негізгі міндеті – білім алушылардың оқу материалын меңгеруін, барлық оқу сабақтарын өткізу жоспарының олардың нақты мерзімдеріне сәйкестігін, дайындық сапасын және пән мазмұнын баяндаудың логикалық жүйелілігін бағалау.

3.7.5 Апробация нәтижелері бойынша әзірлеушілер пәннің жұмыс оқу бағдарламасының (Syllabus) сапасын бағалайды және қажет болған жағдайда өзгерістер енгізеді немесе құжаттың жаңа редакциясын әзірлейді.

3.7.6 Әзірлеуші-кафедра оқу жылы басталғанға дейін кафедра отырысында пәннің жұмыс оқу бағдарламасын (Syllabus) өзектендіру және оны жаңа оқу жылында пайдалану мүмкіндігі туралы мәселені қарайды.

3.7.7 Қарау немесе келісудің кез келген кезеңінде ескертулер алынған жағдайда, әзірлеуші пәннің жұмыс оқу бағдарламасын (Syllabus) пысықтайды және оны белгіленген тәртіппен қайта қарауға (келісуге) ұсынады.

3.7.8 Бекітілген пәннің жұмыс оқу бағдарламасы (Syllabus) міндетті түрде Университеттің білім беру порталында орналастырылады.

3.8 Пәннің жұмыс оқу бағдарламасын (Syllabus) әзірлеуге және рәсімдеуге қойылатын талаптар:

3.8.1 Қажет болған жағдайда пәннің жұмыс оқу бағдарламасын (Syllabus) әзірлеуге пәнді іске асыруға қатысатын басқа кафедралардың оқытушылары тартылуы мүмкін.

3.8.2 Тапсырманы тұжырымдау кезінде және пәннің жұмыс оқу бағдарламасын (Syllabus) әзірлеу процесінде келесі факторлар ескерілуі тиіс:

3.8.2.1 білім беру саласындағы нормативтік құжаттардың және білім беру бағдарламасының талаптары;

3.8.2.2 оқу материалын баяндаудың құрылымы мен жүйелілігі;

3.8.2.3 пәннің теориялық және практикалық бөліктерінің өзара байланысы;

3.8.2.4 пәнді іске асыру кезінде қолданылатын оқыту нысандары мен әдістері;

3.8.2.5 пәнді оқу-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету жағдайы және оның білім алушыларға қолжетімділігі;

3.8.2.6 оқытудың қолданылатын технологиялары мен оқыту нәтижелерін бақылау;

3.8.2.7 тиісті ғылым мен практика саласының қазіргі жай-күйі;

3.8.2.8 білім беру бағдарламасында көзделген оқыту нәтижелері;

3.8.2.9 кафедраның материалдық-техникалық және кадрлық мүмкіндіктері.

3.8.3 Пәннің жұмыс оқу бағдарламасы (Syllabus) мынадай талаптарды сақтай отырып рәсімделеді: өрістері - үстіңгі 20 мм; астыңғы 20 мм; оң жақ 10 мм; сол жақ 25 мм. WORD мәтіндік редакторындағы негізгі мәтін орыс тілінде - Times New Roman, қазақ тілінде - Kz Times New Roman шрифтімен басылады, шрифт өлшемі - 12, жоларалық интервал - бірлік (одинарный). Мәтін ішіндегі абзац шегінісі бірдей және 1,25 см болуы тиіс. Теңестіру: ені бойынша. Жоғарғы колонтитул пәннің жұмыс оқу бағдарламасының (Syllabus) бекітілген нысанына сәйкес рәсімделеді. Төменгі колонтитул қолданылмайды.

4. ПӘННІҢ ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ (SYLLABUS) ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ

4.1 Пәннің жұмыс оқу бағдарламасының (Syllabus) құрылымы мынадай бөлімдерден тұруы тиіс:

4.1.1 Жалпы ережелер. Бұл бөлімде оқытушы туралы, оқу пәні туралы мәліметтер, оның қысқаша сипаттамасы, пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері, оқыту нәтижелері, курстың пререквизиттері мен постреквизиттері келтіріледі.

4.1.1.1 Қысқаша сипаттамада пәннің мазмұнын ББ оқыту нәтижелеріне қол жеткізу индикаторы ретінде ашып көрсету қажет. Пәннің сипаттамасында қандай да бір анықтамалар, дәрістерден, оқулықтардан және т.б. үзінділер болмауы тиіс. Пәндерді қайталауға немесе мазмұны сәйкес келетін әртүрлі пәндердің болуына жол берілмейді. Пәннің қысқаша сипаттамасы ЖББП-да орналастырылған ақпаратқа сәйкес болуы тиіс.

4.1.1.2 Пәнді оқыту мақсаты мамандарды даярлаудағы пәннің рөлі мен орнын ескере отырып қалыптастырылады және күтілетін оқыту нәтижелерін көрсетеді. Мақсатты тұжырымдау кезінде білім алушының бұл пәнді неліктен оқуы қажет екенін, оны меңгеру нәтижесінде қандай білім, білік мен дағдыларды иемденетінін және қандай құзыреттер қалыптасатынын нақты анықтау қажет. Мақсаттың тұжырымдамасы оқыту нәтижелеріне бағытталуы тиіс.

4.1.1.3 Пәнді оқыту мақсаты нақты болуы және пәнді меңгерудің жоспарланған нәтижелерін көрсетуі тиіс. Мақсатты оған қол жеткізу дәрежесін (қалыптастыру, иемдену, меңгеру, меңгеріп шығу және т.б.) бағалау мүмкіндігі болатындай етіп тұжырымдау ұсынылады. Мысалы, «_____» пәнінің мақсаты білім алушылардың _____ үшін _____ саласындағы теориялық және практикалық білімді меңгеруі және білік пен дағдыларды иемденуі болып табылады».

4.1.1.4 Міндеттер – бұл мақсаттың нақты көрінісі, бұл пән немен таныстырады, не үйретеді, нені қалыптастырады деген сұраққа жауап.

4.1.1.5 Әрбір міндет пәннің мақсатына қол жеткізуге бағытталуы тиіс. Міндеттердің тұжырымдары білім алушылардың жоспарланған білімін, білігін және дағдыларын көрсетуі тиіс.

4.1.1.6 Пәннің оқыту нәтижелері – бұл білім алушы пәнді сәтті аяқтағаннан кейін жасай алуы тиіс әрекеттер. Оқыту нәтижелерін әзірлеу білім беру бағдарламасы негізінде Дублин дескрипторларына және Блум таксономиясына сәйкес жүргізіледі. Оқыту нәтижелері ЭПҚ-да (КЭД) көрсетілген оқыту нәтижелеріне сәйкес болуы тиіс.

4.1.1.7 Пререквизиттерде оқылатын пәнді меңгеру үшін қажетті білім, білік және дағдыларды қамтитын пәндерді көрсету қажет. Пререквизиттер ЭПҚ-да көрсетілген пререквизиттерге сәйкес болуы тиіс.

4.1.1.8 Постреквизиттерде осы пәнді оқуды аяқтағаннан кейін иемденетін білім, білік және дағдыларды оқып-үйрену үшін қажетті пәндерді көрсету қажет. Постреквизиттер ЭПҚ-да көрсетілген постреквизиттерге сәйкес болуы тиіс.

4.1.2 Оқу сабақтарының және бақылау іс-шараларының мазмұны. Бұл бөлімде оқу сабақтарының түрлері, тақырыптар, оқу материаланың мазмұны, сабақтарды ұйымдастыру нысандары, бақылау нысандары және сағаттардың сабақ түрлері мен апталар бойынша бөлінуі көрсетіледі (1-кесте).

Кесте 1 - Сабақтар мен бақылау іс-шараларының мазмұны

Апта №	Оқу сабағының түрі, тақырыптың атауы және оқу сабағының мазмұны		Сағат саны	Оқу сабағын ұйымдастыру нысаны	Бақылау нысаны
Модуль					
1	Дәріс 1				
	Тәжірибелік (зертханалық, студиялық) сабақтар 1				
	БОӨЖ 1				
	БӨЖ 1				
2	Дәріс 2				
	Тәжірибелік (зертханалық, студиялық) сабақтар 2				
	БОӨЖ 2				
	БӨЖ 2				
...	...	...	...	...	...
Модуль					
...	Дәріс №				
	Тәжірибелік (зертханалық, студиялық) сабақтар №				
	БОӨЖ №				
	БӨЖ №				
...	...	...	...	...	...
Барлығы					
Дәріс сабақтары					
Тәжірибелік (зертханалық, студиялық) сабақтар					
БОӨЖ					
БӨЖ					

4.1.3 Пәнді меңгеруге қажетті негізгі және қосымша оқу әдебиеттерінің тізімі. Бұл бөлімде ұсынылатын негізгі, қосымша әдебиеттердің, интернет-ресурстар мен веб-курстардың тізімі келтіріледі.

4.1.3.1 Ұсынылатын әдебиеттер тізімі оқыту тілін ескере отырып, 1-қосымшаға – Оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтерге (кітаппен қамтамасыз етілу) сәйкес болуы тиіс.

4.1.3.2 Негізгі ұсынылатын әдебиеттер тізіміне пәнді оқып-үйренудің қажетті деңгейін қамтамасыз ететін баспа және электрондық басылымдар, соның ішінде оқыту тілдерінде шығарылған басылымдар енгізіледі.

4.1.3.3 «Негізгі әдебиеттер» бөлімшесінде осы пән бойынша негізгі базалық оқулық(-тар) көрсетіледі. Егер пән бірнеше бөлімнен тұрса және олардың әрқайсысына жеке оқулық сәйкес келсе, оқулықтардың базалық жиынтығы көрсетіледі.

4.1.3.4 Негізгі әдебиеттер тізіміне білім алушыларға Университеттің кітапханалық ресурстары, соның ішінде электрондық ресурстар арқылы қолжетімді дереккөздер енгізіледі.

4.1.3.5 «Қосымша әдебиеттер» бөлімшесінде пәнді тереңірек оқып-үйренуге арналған әдебиеттердің библиографиялық тізімі, соның ішінде осы ғылыми білім саласындағы жетекші шетелдік авторлардың еңбектері (қажет болған жағдайда шет тілінде) келтіріледі және басылымдардың мынадай түрлері енгізіледі:

4.1.3.5.1 оқулықтар мен оқу құралдары;

4.1.3.5.2 анықтамалық-библиографиялық әдебиеттер;

4.1.3.5.3 салалық энциклопедиялар; салалық анықтамалықтар (білім беру

бағдарламасының бейіні бойынша);

4.1.3.5.4 салалық сөздіктер (білім беру бағдарламасының бейіні бойынша);

4.1.3.5.5 библиографиялық құралдар;

4.1.3.5.6 ағымдағы салалық басылымдар;

4.1.3.5.7 ғылыми әдебиеттер;

4.1.3.5.8 пән бейіні бойынша мерзімді басылымдар.

4.1.3.6 Қосымша әдебиеттер тізімі негізгі әдебиеттің мазмұнын толықтыратын ең маңызды дереккөздерден тұруы және 10 атаудан аспауы тиіс. Білім алушыларға қолжетімділігі қамтамасыз етілмеген дереккөздердің үлкен мөлшерін енгізу ұсынылмайды.

4.1.3.7 «Интернет-ресурстар мен веб-курстар» бөлімшесінде тиісті веб-сайттарға гиперсілтемелерді көрсете отырып, ресми сайттар, білім беру порталдары, кәсіби қоғамдастықтар, тақырыптық ресурстар мен форумдар, аудио- және видеоконференция жүйелері, электрондық оқулықтардың ашық каталогтары, онлайн-энциклопедиялар мен анықтамалықтар, сондай-ақ пән бейіні бойынша басқа да электрондық ресурстар көрсетіледі.

4.1.3.8 Интернет-ресурстар мен веб-курстарды көрсеткен кезде ресурсқа немесе сілтеме берілетін ақпаратқа қысқаша атау беріліп, кейін белсенді сілтеме орналастырылуы қажет. Интернет-ресурстар мен веб-курстардың саны 10 атаудан аспауы тиіс.

4.1.4 **Оқу пәні бойынша оқу нәтижелерін бақылау және бағалау**

4.1.4.1 Білім алушылардың оқу жетістіктері (білімдері, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері) халықаралық практикада қабылданған цифрлық баламасы бар әріптік жүйеге сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша балдармен бағаланады (оң бағалар, кемуіне қарай «A»- дан «D» - ге дейін және «қанағаттанарлықсыз» – «FX», «F») және дәстүрлі жүйе бойынша бағалау:

Әріптік жүйе бойынша баға	Баллдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

4.1.4.2 Білім алушылардың сабаққа қатысуы мен үлгерімі (ағымдағы бақылау) электрондық журналда тіркеледі.

4.1.4.3 Рейтинг бақылаудың әр түрінің орташа арифметикалық мәні ретінде анықталады. Бұл ретте бақылаудың әрбір түрінің салмақтық коэффициенті енгізіледі:

Оқу сабағының түрі	Маңызыдылық коэффициенті**
Дәріс/Тәжірибелік / Зертханалық / Студиялық сабақтар	0,3
БӨЖ/БОӨЖ	0,3
Рейтинг	орташа арифметикалық мәні
Барлығы	0,6

4.4 Қорытынды бақылауға жіберілу рейтингі (ҚЖР) аралық рейтингтердің (Р) орташа

мәні ретінде анықталады: ҚЖР=(Р1+Р2)/2 ≥50%

4.5 Пән бойынша қорытынды баға (ҚБ) жіберілу рейтингі (ҚЖР) және қорытынды бақылау (ҚБақ) нәтижелерінен құралады: ҚБ = ҚЖР × 0,6 + ҚБақ × 0,4

4.1.4.6 Пән бойынша оқу нәтижелерін бағалау критерийлері (қорытынды бақылау)

Әріптік жүйе бойынша баға	ECTS бойынша баға	Балдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша баға	Бағалау критерийлері
A	**A**	**4,0**	**95-100**	**Өте жақсы**	Қойылған сұраққа толық, жан-жақты жауап берілген, нысан туралы саналы білімдер жиынтығы көрсетілген, ұғымдарды еркін қолдана білу, оның маңызды және маңызсыз белгілерін, себеп-салдарлық байланыстарын ажырата білу қабілеті көрінген жағдайда қойылады. Нысан туралы білім оны осы ғылым жүйесінде және пәнаралық байланыстар аясында түсіну арқылы көрсетіледі. Жауап ғылыми терминдермен тұжырымдалады, қисынды, дәлелді, білім алушылардың авторлық ұстанымын көрсетеді. Шығармашылық қабілеттері паш етілген.
A-		**3,67**	**90-94**		Қойылған сұраққа толық, жан-жақты жауап берілгенде, нысан туралы терең білім көрсетілгенде, тақырыптың негізгі ережелері дәлелді түрде ашылғанда қойылады; жауапта анық құрылым, ұғымдардың, теориялардың, құбылыстардың мәнін көрсететін логикалық дәйектілік байқалады. Нысан туралы білім оны осы ғылым жүйесінде және пәнаралық байланыстар аясында түсіну арқылы көрсетіледі. Шығармашылық қабілеттер паш етіледі. Жауап беру барысында білім алушының өзі түзете алатын ұғымдарды анықтауда кемшіліктер жіберілуі мүмкін.
B+	**B**	**3,33**	**85-89**	**Жақсы**	Білім алушы қойылған сұраққа толық, жан-жақты жауап бергенде, тақырыптың негізгі ережелерін дәлелді түрде ашқанда, жауапта ашылатын ұғымдардың, теориялардың, құбылыстардың мәнін көрсететін нақты құрылым мен логикалық дәйектілік байқалғанда қойылады. Мұнда оқытушының көмегімен білім алушының өзі түзеткен кемшіліктерге жол берілген.
B	**C**	**3,0**	**80-84**		Қойылған сұраққа толық, жан-жақты жауап берілгенде, маңызды және маңызсыз белгілерді, себеп-салдарлық байланыстарды ажырата білу қабілеті көрсетілгенде қойылады. Жауаптың құрылымы анық, қисынды. Мұнда оқытушының көмегімен білім алушының өзі түзеткен кемшіліктерге немесе елеусіз қателерге жол берілуі мүмкін.
B-		**2,67**	**75-79**		Қойылған сұраққа толық жауап берілгенде, маңызды және маңызсыз белгілерді, себеп-салдарлық

					байланыстарды ажырата білу қабілеті көрсетілгенде қойылады. Жауаптың құрылымы анық, қисынды. Алайда, бағыттаушы сұрақтардың көмегімен білім алушының өзі түзеткен елеусіз қателерге немемсе кемшіліктерге жол берілген.
C+		**2,33**	**70-74**		Қойылған сұраққа толық, бірақ жеткіліксіз дәйекті жауап берілгенде, сонымен қатар маңызды және маңызсыз белгілерді, себеп-салдарлық байланыстарды ажырата білу қабілеті көрсетілгенде қойылады. Негізгі ұғымдарды анықтауда білім алушының өзі түзете алмаған 1-2 қателікке жол берілуі мүмкін.
C	**D**	**2,0**	**65-69**	**Қанағаттанарлық**	Бұл жағдай толық емес және жеткіліксіз жауап берілгенде қойылады. Мазмұндау логикасы мен дәйектілігінде бұзушылықтар бар. Ұғымдарды ашуда, терминдерді қолдануда қателерге жол берілген. Білім алушы маңызды және маңызсыз белгілерді, себеп-салдарлық байланыстарды өз бетінше ажырата алмайды. Жалпыланған білімді тек оқытушының көмегімен ғана мысалдар арқылы дәлелдеп, нақтылай алады. Сөйлеу безендіруі түзетуді, жөндеуді қажет етеді.
C-		**1,67**	**60-64**		Толық емес жауап берілгенде, мазмұндау логикасы мен дәйектілігінде елеулі бұзушылықтар болғанда қойылады. Ашылатын ұғымдардың, теориялардың, құбылыстардың мәнін анықтауда өрескел қателер жіберілген, бұл білім алушының олардың маңызды және маңызсыз белгілері мен байланыстарын түсінбеуінен туындаған. Жауапта қорытындылар жоқ. Жалпыланған білімнің нақты көріністерін ашу қабілеті көрсетілмеген. Сөйлеу безендіруі түзетуді, жөндеуді қажет етеді.
D+		**1,33**	**55-59**		Толық емес жауап берілгенде қойылады. Мазмұндауда қисынсыздық байқалады. Білім алушы дәлелдеуде қиналады. Терминдердің, ұғымдардың анықтамаларында, фактілер мен құбылыстардың сипаттамаларында көптеген елеулі қателер бар. Жауапта қорытындылар жоқ. Сөйлеу сауатсыз. Қосымша сұрақтарға жауап беру кезінде білім алушы білім арасындағы байланысты тек оқытушының нұсқауынан кейін ғана түсіне бастайды.
D	**E**	**1,0**	**50-54**		Толық емес жауап берілгенде, ол сұрақ тақырыбы бойынша бытыраңқы білімді және анықтамаларда елеулі қателерді қамтығанда қойылады. Мазмұндаудың үзік-үзіктігі, қисынсыздығы байқалады. Білім алушы берілген ұғымның, теорияның, құбылыстың модульдің (пәннің) басқа нысандарымен байланысын түсінбейді. Қорытындылар, нақтылау және баяндаудың дәлелділігі жоқ. Сөйлеу сауатсыз. Оқытушының қосымша және нақтылайтын сұрақтары білім алушының тек қойылған сұраққа ғана емес, сонымен

					қатар модульдің (пәннің) басқа сұрақтарына да жауабын түзетуге әкелмейді.
FX	**FX**	**0,5**	**25-49**	**Қанағаттанарлықсыз**	«Қанағаттанарлықсыз» бағасы 25-49 пайыздық көрсеткішке сәйкес келеді. Бұл баға білім алушы бағдарламада қарастырылған негізгі материалды білуде олқылықтар жіберген, модуль (пән) бағдарламасының жартысынан астамын меңгермеген, жауаптарында принципті қателерге жол берген, ағымдық, аралық аттестаттау нысандарында қарастырылған жекелеген тапсырмаларды орындамаған, бағдарламада қарастырылған барлық негізгі әдебиетті пысықтамаған жағдайда қойылады.
F	**F**	**0**	**0-24**	**Қанағаттанарлықсыз**	«Қанағаттанарлықсыз» бағасы 0-24 пайыздық көрсеткішке сәйкес келеді. Бұл баға білім алушы бағдарламада қарастырылған негізгі материалды білуде олқылықтар жіберген, модуль (пән) бағдарламасын тұтастай меңгермеген, жауаптарында принципті қателерге жол берген, ағымдық бақылау нысандарында қарастырылған тапсырмалардың басым бөлігін орындамаған, бағдарламада қарастырылған барлық негізгі әдебиетті пысықтамаған жағдайда қойылады.

4.1.4.7 Мұғалім пәннің ерекшелігіне және қорытынды бақылау формасына байланысты оқу нәтижелерін бағалау критерийлерін өзі жасай алады.

4.1.5 **Академиялық үлгерімге қойылатын талаптар**

4.1.5.1 Білім алушылардың барлық аудиториялық сабақтарға қатысуы міндетті болып табылады. Сабаққа кешігуге жол берілмейді.

4.1.5.2 Бақылау тапсырмаларын орындау міндетті және олар белгіленген мерзімде тапсырылуы тиіс. Белгіленген мерзімдерді бұза отырып орындалған практикалық (лабораториялық, студиялық) жұмыстар мен БӨЖ және БОӨЖ тапсырмалары төмен бағалануы мүмкін.

4.1.5.3 Дәлелді себептермен сабақтар босатылған және практикалық (лабораториялық, студиялық) жұмыстар мен БӨЖ және БОӨЖ тапсырмалары уақтылы тапсырылмаған жағдайда, оларды өтеу деканат белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

4.1.5.4 Оқытушы пәннің ерекшелігіне және қорытынды бақылау нысанына байланысты пәнді оқып-үйрену процесінде білім алушыға қойылатын өз талаптарын өзі тұжырымдай алады.

4.1.6 Академиялық мінез-құлық және әдеп саясаты:

4.1.6.1 Оқу процесіне белсенді қатысу.

4.1.6.2 Практикалық (лабораториялық, студиялық) жұмыстарды, БӨЖ және БОӨЖ тапсырмаларын уақтылы орындау.

4.1.6.3 Сабаққа кешікпеу және сабақты босатпау. Ауырып қалған жағдайда растайтын құжатты ұсыну.

4.1.6.4 Босатылған сабақтарды оқытушы белгілеген уақытта өтеу.

4.1.6.5 Оқытушыларға және білім алушыларға ізетті әрі құрметті қарым-қатынасты сақтау.

4.1.6.6 Оқу тапсырмаларын орындау кезінде ұқыптылық пен жауапкершілікті сақтау.

4.1.6.7 Практикалық (лабораториялық, студиялық) жұмыстарды және БӨЖ мен БОӨЖ тапсырмаларын орындау кезінде плагиатқа және бұрмалаушылыққа (фальсификацияға) жол берілмейді.

4.1.6.8 Кез келген нысандағы сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол берілмейді.

келген нысанда кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол берілмейді.

5. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІК

5.1 Осы Ережелерді әзірлеуді, өзектендіруді және қолдануды ұйымдастыруға жауапкершілікті пәннің жұмыс оқу бағдарламасын (Syllabus) әзірлеуге, келісуге, бекітуге және іске асыруға қатысатын құрылымдық бөлімшелердің басшылары белгіленген өкілеттіктер шегінде көтереді.

5.2 Пәндердің жұмыс оқу бағдарламаларын (Syllabus) басқару бойынша құрылымдық бөлімшелер мен лауазымды тұлғалардың өкілеттіктерін бөлу:

Бөлімше	Өкілеттіктер
Факультет деканы	Пәндердің жұмыс оқу бағдарламаларын (Syllabus) бекіту
ББББ басшысы	Осы Ережелерді өзектендіру және қайта қарау; Пәндердің жұмыс оқу бағдарламаларын (Syllabus) әзірлеу, келісу және өзектендіру процесін үйлестіру; Процестің СМЖ талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету.
ББББ (әдістемелік бөлім, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі)	Пәндердің жұмыс оқу бағдарламаларын (Syllabus) әзірлеуді әдістемелік сүйемелдеу; Осы Ережелердің талаптарына және бекітілген нысандарға сәйкестігін тексеру; Пәндердің жұмыс оқу бағдарламаларына (Syllabus) мониторинг және тексеру жүргізу.
Кафедра меңгерушісі	Кафедрада пәндердің жұмыс оқу бағдарламаларын (Syllabus) әзірлеуді ұйымдастыру; Пәндердің жұмыс оқу бағдарламаларын (Syllabus) қарауды және өзектендіруді қамтамасыз ету.
Кафедра	Пәндердің жұмыс оқу бағдарламаларын (Syllabus) әзірлеуді ұйымдастыру; Материалдарды кафедра отырысында қарау; Пәндердің жұмыс оқу бағдарламаларын (Syllabus) өзектендіруді қамтамасыз ету.
Дайындаушы кафедра	Білім беру бағдарламасының мазмұнын ескере отырып, пәннің жұмыс оқу бағдарламасын (Syllabus) келісу
ПӨҚ (жауапты оқытушы)	Бекітілген пән бойынша пәннің жұмыс оқу бағдарламасын (Syllabus) әзірлеу және өзектендіру; Мазмұнның білім беру бағдарламасының, осы Ережелердің талаптарына және бекітілген нысандарға сәйкестігін қамтамасыз ету; Бекітілген пәннің жұмыс оқу бағдарламасын (Syllabus) Университеттің білім беру порталында орналастыру.

6. ПРОЦЕСКЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША ІС-ҚИМЫЛДАР

6.1 Процесспен байланысты тәуекелдер:	6.2 Тәуекелдердің алдын алу бойынша әрекеттер:
• пәннің жұмыс оқу бағдарламасын (Syllabus) уақтылы әзірлемеу немесе өзектендірмеу; • пәннің жұмыс оқу бағдарламасы (Syllabus) мазмұнының нормативтік құжаттардың, білім беру бағдарламасының және осы Ережелердің талаптарына сәйкес келмеуі; • пән мазмұнын әдістемелік пысықтау	• пәннің жұмыс оқу бағдарламасын (Syllabus) әзірлеу және өзектендіру мерзімдерін белгілеу; • әдістемелік тексеру жүргізу және әзірлеушілерге мазмұны мен рәсімделуіне қойылатын талаптар бойынша консультациялар беру; • пәннің жұмыс оқу бағдарламасының (Syllabus) бекітілген талаптар мен нысандарға сәйкестігін бақылау;

сапасының жеткіліксіздігі; • пәннің жұмыс оқу бағдарламасын (Syllabus) келісу, бекіту және орналастыру тәртібін сақтамау.	• ПӨҚ-ға пәннің жұмыс оқу бағдарламасын (Syllabus) әзірлеу және өзектендіру талаптары туралы ақпарат беру.

7. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

7.1 Осы Ережелер «К. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ ішкі нормативтік құжаты болып табылады және сертификаттау аудитін жүргізу кезіндегі сертификаттау органдарының сарапшыларын, сондай-ақ «К.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ Ректорының рұқсатымен тұтынушы-серіктестерді қоспағанда, басқа тараптарға ұсынылуға тиіс емес.

ҚОСЫМША

«ПӘННІҢ ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫН (SYLLABUS)» НЫСАНЫ

Н. БББ 8.3/8.1-2025-16-01 (міндетті)

«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ	Н. БББ 8.3/8.1-2026-16-01	
Пәннің жұмыс оқу бағдарламасы (Syllabus)	№ басылым	

«_____» факультеті
«_____» кафедрасы

Бекітемін
Факультет деканы
_____А.Ж.Т.
«_____» _____202___ ж.

ПӘННІҢ ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ
(SYLLABUS)

Пән: Пән атауы
Код ББ атауы
білім беру бағдарламасының білім алушылары үшін

Курс	
Семестр	
Академиялық кредиттердегі еңбек сыйымдылығы	
Академиялық сағаттардағы еңбек сыйымдылығы, барлығы	
оның ішінде:	
дәріс сабақтары	
тәжірибелік сабақтар	
зертханалық / студиялық сабақтар	
БОӨЖ	
БӨЖ	
Қорытынды бақылауды жүргізу нысаны	

Астана, 202____

«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ	Н. БББ 8.3/8.1-2026-16-01	
Пәннің жұмыс оқу бағдарламасы (Syllabus)	№ басылым	

АЛҒЫ СӨЗ

1 ӘЗІРЛЕНДІ

Құрастырушы

_____ _____ «_____»_____202___ ж.

(Тегі мен инициалдары) *(Қолы)*

2 ТАЛҚЫЛАНДЫ

«_____» кафедрасының отырысында талқыланды

«____» _____ 202___ жыл, хаттама № ____.

Кафедра меңгерушісі _____ _____

(Тегі мен инициалдары) *(Қолы)*

3 КЕЛІСІЛДІ

Шығарушы кафедра меңгерушісі _____ _____

(Тегі мен инициалдары) *(Қолы)*

«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ	Н. БББББ 8.3/8.1-2026-16-01	
Пәннің жұмыс оқу бағдарламасы (Syllabus)	№ басылым	

Мазмұны

1 Жалпы ережелер *бет*
2 Сабақтар мен бақылау іс-шараларының мазмұны *бет*
3 Пәнді игеру үшін қажетті негізгі және қосымша оқу әдебиеттерінің тізімі *бет*
4 Оқу пәні бойынша оқу нәтижелерін бақылау және бағалау *бет*
5 Академиялық үлгерімге қойылатын талаптар *бет*
6 Академиялық мінез-құлық және этика саясаты *бет*

«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ	Н. БББ 8.3/8.1-2026-16-01	
Пәннің жұмыс оқу бағдарламасы (Syllabus)	№ басылым	

1 Жалпы ережелер

1.1 Оқу пәнінің оқытушысы туралы ақпарат

Аты-жөні, тегі	
Лауазымы	
Ғылыми (академиялық) дәрежесі	
Ғылыми атағы	
Электрондық мекен-жайы	
Кафедраның орналасқан жері (корпус, кабинет)	
Кафедра телефоны	

1.2 Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы:

Пәннің қысқаша сипаттамасы Жоғары білім берудің бірыңғай платформасы (әрі қарай - ЖББББП) орналастырылған ақпаратқа сәйкес болуы тиіс.

1.3 Пәнді оқыту мақсаты:

ЖББББП-да орналастырылған ақпаратта пәннің сипаттамасында мақсаты көрсетілсе, 1.3-тармақ толтырмайды (кейін тармақшаларды нөмірлеу өтпелі болады). Егер ЖББББП Реестрінде пәннің сипаттамасындағы пән мақсаты көрсетілмесе, онда нәтижеге қол жеткізу мүмкіндігі оқыту мақсаты ретінде қарастыру ұсынылады (қалыптастыру, меңгеру, игеру, қамту және т.с.с.). Мысалы, «_____» пәнінің мақсаты білім алушылардың _____ саласындағы _____ үшін теориялық және тәжірибелік білімімен дағдыларын игеру болып табылады.

1.4 Пәнді оқыту міндеттері:

Міндеттер – бұл келесі сұрақтарға жауап беретін мақсаттың нақты сипаты:

1) пән немен таныстырады?

2) пән нені үйретеді?

3) бұл пән нені дамытады?

1.5 Пәнді оқыту нәтижелері:

Пәнді оқыту нәтижелері – бұл білім алушының пәнді сәтті аяқтағаннан кейінгі істей алатын әрекеті. Пәнді оқыту нәтижелері ЭПК көрсетілген оқу нәтижелеріне сәйкес келуі тиіс.

1.6 Пререквизиттері: пәндер үтір арқылы, үлкен әріппен, тырнақшаларсыз тізімделеді. Курс пререквизиттері ЭПК көрсетілген пререквизиттерге сәйкес келуі тиіс.

1.7 Постреквизиттері: пәндер үтір арқылы, үлкен әріппен, тырнақшаларсыз тізімделеді. Курс постреквизиттері ЭПК көрсетілген постреквизиттерге сәйкес келуі тиіс.

2 Сабақтар мен бақылау іс-шараларының мазмұны

Апта №	Оқу сабағының түрі, тақырыптың атауы және оқу сабағының мазмұны		Сағат саны	Оқу сабағын ұйымдастыру нысаны	Бақылау нысаны
Модуль 1. Модуль атауы					
1	Дәріс 1	Тақырып атауы		Үлгі: Дәріс-презентация және т.б.	Үлгі: Ауызша сауалнама және т.б.
	Тәжірибелік (зертханалық, студиялық)	Қарастырылатын сұрақтар		Үлгі: Топтық зерттеу жұмысы (тапсырманың	Үлгі: Орындалған жұмысты

	сабақ 1			нақты атауын көрсету) және т.б.	(тапсырманы) тексеру және т.б.
	БОӨЖ 1	Тақырып атауы		Үлгі: Топтық жұмыс (тапсырманың нақты атауын көрсету) және т.б.	Үлгі: Орындалған жұмысты (тапсырманы) тексеру және т.б.қорғау және т.б.
	БӨЖ 1	Тақырып атауы		Үлгі: Жеке өзіндік жұмыс және т.б.	Үлгі: Орындалған жұмысты қорғау және т.б..
2	Дәріс 2	Тақырып атауы		Үлгі: Проблемалық дәріс және т.б.	Үлгі: Тақырыпты талқылау және т.б.
	Тәжірибелік (зертханалық, студиялық) сабақ 2	Қарастырылатын сұрақтар		Үлгі: Жеке талдау жұмысы (тапсырманың нақты атауы) және т.б.	Үлгі: Тәжірибелік жұмысты (тапсырманы) қорғау және т.б.
	БОӨЖ 2	Тақырып атауы		Үлгі: Жеке жұмыс (тапсырманың нақты атауын көрсету) және т.б.	Үлгі: Орындалған тапсырманы тексеру және т.б.
	БӨЖ 2	Тақырып атауы		Үлгі: Жеке өзіндік жұмыс және т.б.	Үлгі: Орындалған жұмысты тексеру және т.б.
...	…	...	...	…	...
Модуль 2. Модуль атауы					
…	Дәріс				
	Тәжірибелік (зертханалық, студиялық) сабақ				
	БОӨЖ				
	БӨЖ				
...	…	...	...	…	...
Барлығы					
Дәріс сабақтары					
Тәжірибелік (зертханалық, студиялық) сабақтар					
БОӨЖ					
БӨЖ					

3 Пәнді игеру үшін қажетті негізгі және қосымша оқу әдебиеттерінің тізімі

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі 1 – қосымшаға сәйкес болуы тиіс - оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми

әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер (кітаппен қамтамасыз ету) оқыту тіліне сәйкес

3.1 Негізгі әдебиеттер:

3.1.1
3.1.2
3.1.3
3.1.4
3.1.5

Негізгі әдебиеттер тізіміне университет кітапханасының абонементі мен оқу залында жеткілікті мөлшерде болатын дереккөздер ғана енгізілуі керек. Негізгі әдебиеттердің ең көп саны 5 дереккөзден аспауы керек.

3.2 Қосымша әдебиеттер:

3.1.1
3.1.2
3.1.3
3.1.4
3.1.5
…..

Қосымша әдебиеттер тізімінде негізгі әдебиеттердің мазмұнын толықтыратын аса маңызды дереккөздердің 10-нан аспайтын атаулары болуға тиіс. Егер бағдарлама авторы білім алушылардың ондаған дереккөзді қайдан табатынын білмесе, оларды тізімге қосуға болмайды.

3.3 Интернет-ресурстар мен веб-курстардың тізімі

3.1.1
3.1.2
3.1.3
3.1.4
3.1.5
….

Интернет – ресурстар мен веб-курстарды көрсеткен кезде сілтеме берілген ақпараттың қысқаша атауын көрсетіп, одан әрі белсенді сілтемені орналастыру қажет. Интернет-ресурстарға сілтемелер саны 10 атаудан аспауы тиіс.

4 Оқу пәні бойынша оқу нәтижелерін бақылау және бағалау

4.1 Білім алушылардың оқу жетістіктері (білімдері, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері) халықаралық практикада қабылданған цифрлық баламасы бар әріптік жүйеге сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша балдармен бағаланады (оң бағалар, кемуіне қарай «A»- дан «D» - ге дейін және «қанағаттанарлықсыз» – «FX», «F») және дәстүрлі жүйе бойынша бағалау:

Әріптік жүйе бойынша баға	Баллдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

4.2 Білім алушылардың сабаққа қатысуы мен үлгерімі (ағымдағы бақылау) электрондық журналда тіркеледі.

4.3 Рейтинг бақылаудың әр түрінің орташа арифметикалық мәні ретінде анықталады. Бұл ретте бақылаудың әрбір түрінің салмақтық коэффициенті енгізіледі:

Оқу сабағының түрі	**Маңызыдылық коэффициенті****
Дәріс/Тәжірибелік / Зертханалық / Студиялық сабақтар	0,3
БӨЖ/БОӨЖ	0,3

Рейтинг	орташа арифметикалық мәні
Барлығы	0,6

4.4 Қорытынды бақылауға жіберілу рейтингі (ҚЖР) аралық рейтингтердің (Р) орташа мәні ретінде анықталады: ҚЖР=(Р1+Р2)/2 ≥50%

4.5 Пән бойынша қорытынды баға (ҚБ) жіберілу рейтингі (ҚЖР) және қорытынды бақылау (ҚБақ) нәтижелерінен құралады: ҚБ = ҚЖР × 0,6 + ҚБақ × 0,4

4.6 Пән бойынша оқу нәтижелерін бағалау критерийлері (қорытынды бақылау) *

Әріптік жүйе бойынша баға	ECTS бойынша баға	Баллдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша баға	Бағалау критерийлері
A	**A**	**4,0**	**95-100**	**Өте жақсы**	Қойылған сұраққа толық, жан-жақты жауап берілген, нысан туралы саналы білімдер жиынтығы көрсетілген, ұғымдарды еркін қолдана білу, оның маңызды және маңызсыз белгілерін, себеп-салдарлық байланыстарын ажырата білу қабілеті көрінген жағдайда қойылады. Нысан туралы білім оны осы ғылым жүйесінде және пәнаралық байланыстар аясында түсіну арқылы көрсетіледі. Жауап ғылыми терминдермен тұжырымдалады, қисынды, дәлелді, білім алушылардың авторлық ұстанымын көрсетеді. Шығармашылық қабілеттері паш етілген.
A-		**3,67**	**90-94**		Қойылған сұраққа толық, жан-жақты жауап берілгенде, нысан туралы терең білім көрсетілгенде, тақырыптың негізгі ережелері дәлелді түрде ашылғанда қойылады; жауапта анық құрылым, ұғымдардың, теориялардың, құбылыстардың мәнін көрсететін логикалық дәйектілік байқалады. Нысан туралы білім оны осы ғылым жүйесінде және пәнаралық байланыстар аясында түсіну арқылы көрсетіледі. Шығармашылық қабілеттер паш етіледі. Жауап беру барысында білім алушының өзі түзете алатын ұғымдарды анықтауда кемшіліктер жіберілуі мүмкін.
B+	**B**	**3,33**	**85-89**	**Жақсы**	Білім алушы қойылған сұраққа толық, жан-жақты жауап бергенде, тақырыптың негізгі ережелерін дәлелді түрде ашқанда, жауапта ашылатын ұғымдардың, теориялардың, құбылыстардың мәнін көрсететін нақты құрылым мен логикалық дәйектілік байқалғанда қойылады. Мұнда оқытушының көмегімен білім алушының өзі түзеткен кемшіліктерге жол берілген.
B	**C**	**3,0**	**80-84**		Қойылған сұраққа толық, жан-жақты жауап берілгенде, маңызды және маңызсыз белгілерді, себеп-салдарлық байланыстарды ажырата білу қабілеті көрсетілгенде қойылады. Жауаптың құрылымы анық, қисынды. Мұнда оқытушының көмегімен білім алушының өзі түзеткен кемшіліктерге немесе елеусіз қателерге жол берілуі мүмкін.
B-		**2,67**	**75-79**		Қойылған сұраққа толық жауап берілгенде, маңызды және маңызсыз белгілерді, себеп-салдарлық байланыстарды ажырата білу қабілеті көрсетілгенде қойылады. Жауаптың құрылымы анық, қисынды. Алайда, бағыттаушы сұрақтардың көмегімен білім алушының өзі түзеткен елеусіз қателерге немемсе кемшіліктерге жол берілген.
C+		**2,33**	**70-74**		Қойылған сұраққа толық, бірақ жеткіліксіз дәйекті жауап берілгенде, сонымен қатар маңызды және маңызсыз белгілерді, себеп-салдарлық байланыстарды ажырата білу қабілеті көрсетілгенде қойылады. Негізгі ұғымдарды анықтауда білім алушының өзі түзете алмаған 1-2 қателікке жол берілуі мүмкін.
C	**D**	**2,0**	**65-69**	**Қанағаттанарлық**	Бұл жағдай толық емес және жеткіліксіз жауап берілгенде қойылады. Мазмұндау логикасы мен дәйектілігінде бұзушылықтар бар. Ұғымдарды ашуда, терминдерді қолдануда қателерге жол берілген. Білім алушы маңызды және маңызсыз

					белгілерді, себеп-салдарлық байланыстарды өз бетінше ажырата алмайды. Жалпыланған білімді тек оқытушының көмегімен ғана мысалдар арқылы дәлелдеп, нақтылай алады. Сөйлеу безендіруі түзетуді, жөндеуді қажет етеді.
C-		**1,67**	**60-64**		Толық емес жауап берілгенде, мазмұндау логикасы мен дәйектілігінде елеулі бұзушылықтар болғанда қойылады. Ашылатын ұғымдардың, теориялардың, құбылыстардың мәнін анықтауда өрескел қателер жіберілген, бұл білім алушының олардың маңызды және маңызсыз белгілері мен байланыстарын түсінбеуінен туындаған. Жауапта қорытындылар жоқ. Жалпыланған білімнің нақты көріністерін ашу қабілеті көрсетілмеген. Сөйлеу безендіруі түзетуді, жөндеуді қажет етеді.
D+		**1,33**	**55-59**		Толық емес жауап берілгенде қойылады. Мазмұндауда қисынсыздық байқалады. Білім алушы дәлелдеуде қиналады. Терминдердің, ұғымдардың анықтамаларында, фактілер мен құбылыстардың сипаттамаларында көптеген елеулі қателер бар. Жауапта қорытындылар жоқ. Сөйлеу сауатсыз. Қосымша сұрақтарға жауап беру кезінде білім алушы білім арасындағы байланысты тек оқытушының нұсқауынан кейін ғана түсіне бастайды.
D	**E**	**1,0**	**50-54**		Толық емес жауап берілгенде, ол сұрақ тақырыбы бойынша бытыраңқы білімді және анықтамаларда елеулі қателерді қамтығанда қойылады. Мазмұндаудың үзік-үзіктігі, қисынсыздығы байқалады. Білім алушы берілген ұғымның, теорияның, құбылыстың модульдің (пәннің) басқа нысандарымен байланысын түсінбейді. Қорытындылар, нақтылау және баяндаудың дәлелділігі жоқ. Сөйлеу сауатсыз. Оқытушының қосымша және нақтылайтын сұрақтары білім алушының тек қойылған сұраққа ғана емес, сонымен қатар модульдің (пәннің) басқа сұрақтарына да жауабын түзетуге әкелмейді.
FX	**FX**	**0,5**	**25-49**	**Қанағаттанарлықсыз**	«Қанағаттанарлықсыз» бағасы 25-49 пайыздық көрсеткішке сәйкес келеді. Бұл баға білім алушы бағдарламада қарастырылған негізгі материалды білуде олқылықтар жіберген, модуль (пән) бағдарламасының жартысынан астамын меңгермеген, жауаптарында принципті қателерге жол берген, ағымдық, аралық аттестаттау нысандарында қарастырылған жекелеген тапсырмаларды орындамаған, бағдарламада қарастырылған барлық негізгі әдебиетті пысықтамаған жағдайда қойылады.
F	**F**	**0**	**0-24**	**Қанағаттанарлықсыз**	«Қанағаттанарлықсыз» бағасы 0-24 пайыздық көрсеткішке сәйкес келеді. Бұл баға білім алушы бағдарламада қарастырылған негізгі материалды білуде олқылықтар жіберген, модуль (пән) бағдарламасын тұтастай меңгермеген, жауаптарында принципті қателерге жол берген, ағымдық бақылау нысандарында қарастырылған тапсырмалардың басым бөлігін орындамаған, бағдарламада қарастырылған барлық негізгі әдебиетті пысықтамаған жағдайда қойылады.

** Оқытушы пәннің ерекшелігі мен қорытынды бақылау түріне байланысты оқыту нәтижелерін бағалау критерийлерін өзі әзірлей алады.*

5 Академиялық үлгерімге қойылатын талаптар

5.1 Білім алушылардың барлық аудиториялық сабақтарға қатысуы міндетті болып табылады. Сабаққа кешігуге жол берілмейді.

5.2 Бақылау тапсырмаларын орындау міндетті және олар белгіленген мерзімде тапсырылуы тиіс. Белгіленген мерзімді бұза отырып орындалған практикалық (лабораториялық, студиялық) жұмыстар, БӨЖ және БОӨЖ тапсырмалары төменірек бағалануы мүмкін.

5.3 Дәлелді себептермен сабақ жіберілген және тәжірибелік (зертханалық, студиялық) жұмыстар, БӨЖ мен БОӨЖ тапсырмалары уақытылы тапсырылмаған жағдайда, оларды өтеу деканат белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

6 Академиялық мінез-құлық және этика саясаты

6.1 Оқу процесіне белсенді қатысу.

6.2 Тәжірибелік (зертханалық, студиялық) жұмыстарды, БӨЖ және БОӨЖ тапсырмаларын уақтылы орындау.

6.3 Сабаққа кешікпеу және сабақты жібермеу. Ауырып қалған жағдайда растайтын құжатты ұсыну.

6.4 Жіберілген сабақтарды оқытушы белгілеген уақытта өтеу.

6.5 Оқытушыларға және білім алушыларға ізетті әрі құрметпен қарау.

6.6 Оқу тапсырмаларын орындау кезінде ұқыптылық пен міндеттілікті сақтау.

6.7 Тәжірибелік (зертханалық, студиялық) жұмыстарды, БӨЖ және БОӨЖ тапсырмаларын орындау кезінде плагиатқа және бұрмалаушылыққа жол берілмейді.

6.8 Кез келген нысандағы сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол берілмейді.

Н. СДД-7.5-2026-01-02 (міндетті)

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Лауазымы	Аты-жөні, тегі	Күні	Қолы
СДД басшысы	Оразалина Д.К.	25 08 2026	
ББББ басшысы	Баядилова Б.М.	25.08.2026	
СМЖБ басшысы	Эрнст А.С.	25 08 2026	
ОБ басшысы	Дігарбаева Б.М.	25.08.2026	
ТФ деканы	Сафуани Ж.Е.	25.08.2026	
ИжАТФ деканы	Серимбетов Б.А.	25.08.2026	
ЭжБФ деканы	Мақыш М.К.	25.08.2026	
ӘБ басшысы	Саду Ж.Н.	25.08.2026	

Н. СДД-7.5-2026-01-03 (міндетті)

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

Лауазымы	Аты-жөні, тегі	Күні	Қолы

Н. СДД-7.5-2026-01-04 (міндетті)

ТІРКЕУ ӨЗГЕРІСТЕРІНІҢ ПАРАҒЫ

Өзгеріс номері	Хабарлама номері	Парақтар (беттер) нөмірі				Барлық парақтар	Өзгерістер енгізілген күні	Өзгерістер енгізген адамның аты-жөні	Өзгерістер енгізген адамның қолы
		Өзгертулер	Ауыстырылған	Жаңа	Жойылған				

Н. СДД-7.5-2026-01-05 (міндетті)

МЕРЗІМДІК ТЕКСЕРУЛЕРДІ ЕСЕПКЕ АЛУ ПАРАҒЫ

Тексеру күні	Тексеруді жүргізген адамның аты-жөні	Тексеруді жүргізген адамның қолы	Ескертулердің тұжырымдамасы